

# КПО Ақсайда жаңа мектеп ашты

Билығы қыркүйектің алғашқы күні мерекесі оның шағын аудан мен қаланың «Шанхай» аталып кеткен ауылдың балалары үшін жылдағыдан ерекше болды. Олар кезекті оқу жылы басталар алдында алатын жаңа рюкактар мен мектеп формалары, қызықты алғашқы сабақтар мен жарқын іс-шараларды айтпағанда жаңа мектептің партасына бірінші болып отырды. Асқақтаған үш қабатты мектеп үйі мен оның барлық ережеге сай жабдықталған ауласы қала көркіне көрік қосты. Осылайша көптеген оқушылар тұрғылықты жерлерінен алыс, оның үстіне бала санының

оралығын ұстау үшін құйылатын қаржы көлеміне пара-пар. Қарашығанақ кен орнына жақын орналасқан сегіз селонның өмір сүру жағдайларын жақсартуға үнемі атсалысумен бірге, компания жергілікті тұрғындар үшін әлеуметтік маңызы бар қосымша бағдарламаларды да жүзеге асыруға ықпал етеді. Тек соңғы жылдары ғана КПО айналма жолды абаттандыру үшін қаржы бөлді. Онда жаяу жүргіншілердің қала орталығына қиындықсыз жетуі үшін тротуарлар салынды. Сонымен бірге асфальтталған, жарықтандырылған қауіпсіз жол алтыншы мектептің оқушылары үшін де өте маңызды.

Нұржан Камалов Батыс Қазақстан облысы мен Ақсай қаласының әкімдігіне тығыз байланыстағы жемісті жұмыстары үшін алғыс айтты. Нұржан Камаловтың айтуы бойынша жобаның табысты аяқталуы БҚО мен Бөрлі ауданы әкімдігінің және КПО-ның өзара тығыз байланыстағы жұмысының жемісі болып табылады. Бұдан басқа Нұржан Камалов компания бұдан былай да жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға барынша көмек көрсете беретінін атап өтті. Сөзін қорытындылай келе ол балалар мен ұстаздарға мынандай заманауи, тамаша жабдықталған мектептегі оқу жылының табысты болуына тілектестік білдірді.

Алтыншы мектептің құрылысы екі жылға жақын уақыт ішінде аяқталған болатын. КПО-ның осы әлеуметтік нысанға салған жалпы қаржысы 8 миллион АҚШ долларынан асып жығылды.

Жаңа мектептің екі спорт залы, хореографиялық және компьютерлік сыныптары мен 560 орындық акт залы бар. Сонымен бірге спорт алаңы бар мектеп стадионы, алғашқы әскери дайындық алаңы және еңбекке баулу, табиғат тану, география, биология сабақтары және сыныптан тыс жұмыстарға арналған оқу-тәжірибе аймағы да бар.

Мектеп КПО-ның қаржысына қажетті құрал-жабдықпен, жиһаздармен, компьютерлік техника және методикалық материалдармен толық жабдықталған. Жобаны жүзеге асыру барысында аумақты жалпы абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары да қатар жүрді.

Шағын аудандардағы мектептерде оқушылар санының жоспардағыдан артықтығы бұрыннан келе жатқан проблемалық мәселе. Бұл жерде жаңа мектеп үйін көтеру туралы инвесторлармен түпкілікті келісім жасаған аудан басшыларының еңбегін айтпай кетуге болмайды. Ал бұл дегеніміз аудандық білім бөлімі саласының материалдық-техникалық базасын айтарлықтай көтеріп тастады. Жаңа мектептің құрал-жабдығын жинақтағанда сапасы мен озық технологиямен жасалған ең жаңа оқу құралдарына назар аударылатыны белгілі. Бұл мектепте балаларға арналған шетел тілін меңгеру үшін лингафон кабинеттері, жетілдірілген



химиялық лабораториялар, интерактивті тақталы, ЖҚЕ стенділері мен бағдарламдары бар кабинеттер бар. Сонымен бірге кеше ғана сырланып, ақталған сыныптар мен дәліздер жарқырап, аппақ пластикалық терезелер мен мұндапал тұр, кең де жарық асхана, екі спорт зал салынған. Оның біреуі орасан кең. Сонымен бірге оқу процесінің толық қамтылуы үшін слесарлық жұмыстар шеберханасы, тігін цехы, мектеп ауласында екі спорт алаңы бар. Сонымен бірге құрылысшылар мектеп ғимараты ішінде орналасқан жылы дәретхана бөлмесін де ұмытпаған.

БҚО әкімінің бірінші орынбасары Н.А.Ноғаевтың айтуы бойынша 2008 жылы облыс басшысы Б.С.Ізмұхамбетов Қарашығанақ кен орнын басқаратын ББК кезекті отырысында Ақсай қаласын өркендету үшін қосымша он миллион доллар бөлу туралы мәселе көтерген болатын. Осыдан кейін-ақ ақсайлықтар көптен күткен мектеп құрылысының жобасы басталды. «Атқарушы билік орындары мен КПО-ның қарым-қатынасының жоғары нәтижелі болғанын атап өткен жөн, - деді Нұржан Ноғаев, - және қоғам игілігі үшін бірлескен жұмыстардың жалғасын таба беретініне сенеміз».

Кен орнының өндірушілері өндірістік табыстарға жетіп жатқанда, КПО белгілеген көрші қақысына лайықты принциптер, яғни мұнай өндіру жұмыстары жүргізіліп жатқан Ақсай қаласы мен Бөрлі ауданының инфрақұрылымдарының жақсаруына деген шын көңілден оң көзқарасы қағаз жүзінде ғана қалмай, жаңа ғимараттар мен

жолдарға, мектепке арналған автобустарға, үлкендер мен кішкентайларға арналған санаторий жолдамаларына айналуда. Мұның барлығы ұзақ мерзімдік іскерлік қарым-қатынас позициясының іс жүзінде дәлелденуі.

Соңғы күндері БҚО Жайық селосында 116 оқушыға арналған, Қараағаш селосында 106 оқушыға арналған мектептер ашылғанын да айта кетейік. Орал қаласына премьер-министр К.Мәсімов келіп кеткеннен кейін облыс орталығына жақын арада 1200 оқушыға арналған мектеп және 300 орындық балалар бақшасы, қала спортшылары үшін теннис кортының құрылысына қаржы бөлу жөніндегі құжаттарға қол қойылды. Бұдан біз атқарушы биліктің негізгі қызметінің тұрғын халықты қолдауға арналғанын көреміз. КПО әлеуметтік жобалар шеңберінде Қарашығанақ селосындағы бастауыш мектепке жөндеу жұмыстарын жүргізді және жағдайы төмен отбасылардың 135 баласына оқу құралдарын сатып өперді.

КПО-ның әлеуметтік инфрақұрылымдарды жақсарту мен өркендету бағытындағы инвестициясы нәтижесінде БҚО-да көптеген жаңа мектептер, ауруханалар, спорт ғимараттары, әлеуметтік және мәдени орталықтар салынып, жаңа жолдар төселді, сол сияқты облыстың көптеген елді мекендері газбен, сумен қамтылды. Түпкілікті келісім мерзімі ішіндегі КПО-ның әлеуметтік инвестициясы жаратылған АҚШ долларынан асады. Бұл дегеніміз, еліміздің игілігі үшін аумақтың ары қарай өркендеуінің кепілі деген сөз.



көптігінен бірнеше ауысымда жұмыс істеуге мейжүр мектептерге барып оқу қиындығынан құтылды. Жаңа мектеп алтыншы деген реттік санға ие болып, қаламыздың жалпы білім беретін мекемелер санын көбейтті. Отызыншы қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциясы күні мерекесінде мектептің ашылу салтанаты болды. 900 оқушыға арналған жаңа мектептің демеушісі көптеген жылдар бойына Бөрлі ауданының әлеуметтік нысандарына белсенді түрде қолдау көрсетіп келе жатқан КПО компаниясы екені белгілі. Бұл компания осы мақсатқа бір миллион доллар бөлген.

КПО-ның әлеуметтік бағдарламалары шеңберінде ӨБТК шарттарында көрсетілген жобалардан басқа да аудандық әкімдіктің көптеген ұсыныстары мен жолдаулары өмірге жолдама алуда. Мәселен, өткен жылы компания Бөрлі ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына он миллион доллар бөлді, бұл дегеніміз облыс

Мектептің ашылу салтанатына Батыс Қазақстан облысы мен Бөрлі ауданының басшылары, аудандық білім бөлімінің өкілдері, КПО мен оның мердігерлік ұйымдарының басшылары, сонымен бірге Ақсай қаласының ардагерлері мен қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты. Облыс әкімінің орынбасары Нұржан Ноғаев мектептің Қазақстан Республикасы Конституциясы күні ашылып отырғанын атап өтіп, КПО мен оның мердігерлік ұйымдарына терең білім алу үшін барлық жағдай жасалған заманауи мектептің құрылысы үшін алғыс айтты.

КПО-ның үкіметпен байланыс және ішкі байланыстар бойынша директоры Нұржан Камалов «БҚО мен Ақсай қаласының тұрғындарын Қазақстан Республикасы Конституциясы күнімен құттықтап, жаңа оқу жылы алдындағы үлкен мерекеден жаңа заманауи мектептің ашылуы Ақсай қаласының оқушылары үшін тамаша тарту болды», - деп атап айтты.

## Жедел көмекке келеді

КПО-ның дәрігерлік шұғыл көмекке келу қызметінде жедел көмек көрсету бойынша арнайы дайындықтан өткен жоғары кәсіби мамандар жұмыс жасайды. Жедел көмекке келу қызметінің басты міндеті пациенттің қасына түпкілікті кез келген уақытында барып үлгеру және қарақаттанушыны құтқару үшін тиісті жедел іс-шаралар жасау.

Шілде айының 21 күні Қарашығанақ кен орнына жақын 4-інші және 7-інші жолдардың қиылысында күрделі жол-көлік апаты болып, онда КПО-ның мердігерлік компаниясының екі автомашинасы соқтығып қалған. Осының салдарынан үш адам ауыр жарақат алған. Осы

жағдай туралы хабар тиісімен КПО-ның жедел жәрдем бригадасы жол-көлік апаты болған жерге шұғыл аттанып кетті. Жедел жетісімен жарақат алғандарға шұғыл дәрігерлік көмек көрсетіп, оларды Ақсай қаласындағы аудандық ауруханаға жөнелту жұмыстарын тамаша атқарып шыққан. Жедел жәрдем қызметі экипажындағы Александр Догоров, Салтанат Бакесова және Николай Габдуллин сияқты тәжірибелі мамандардың дер кезіндегі көмегінің арқасында жарақат алғандардың өмірлері

сақталып қалды.

Шұғыл көмекке келудің дәрігерлік қызметі төтенше жағдайға көмек жүйесінің маңызды құрылымдық компоненті болып табылады. Уақтылы және тиімді дәрігерлік көмек өмірді сақтап қалуға көмектеседі.

КПО компаниясының басшылығы және жол-көлік апатында жарақат алған жандардың отбасылары Александрға, Салтанат пен Николайға дер кезіндегі көмектері үшін алғыстарын айтты.

Бұл жол-көлік апатының

алдын алуға болатындығы және жарақат алғандардың қауіпсіздік белбеулерін тақпағанда жағдайдың бұдан да қиын болатындығы жөнінде еңгіме артық сияқты. Көлікте келе жатқан КПО-ның әрбір қызметкері немесе мердігерлік компаниясының әрбір өкілі келесі негізгі ережелерді сақтау қажеттігін өркез есте ұстаулары керек:

\*қауіпсіздік белбеулері өркезде де тағулы болуы керек.  
\*жолда жүру жол белгілері бойынша жүзеге асырылады.

\* жол жағдайына байланысты жылдамдықты және келесі көлік құралына дейінгі ара қашықтықты бақылауда ұстаның.

\*Жылдамдықты арттырудың қажеті жоқ.

\* Барлық көлік құралдары жол жағдайына сай болулары керек.

\* КПО-ның Қарашығанақ кен орнындағы және одан тыс жерлердегі қауіпсіз қозғалыс жөніндегі талаптары сақталуы тиіс.

КПО-ның міндетті талаптарын бұзуға болмайды. Бұл талаптарды бұзған әрбір қызметкер не ұйымға байланысты КПО-ның жоғарғы басшылығы қатаң жаза қолданатын болады.

КПО ОРТО бағдарламасы бойынша оқудың аяқталу рәсімін өткізді

Қыркүйектің екісі күні «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы Ақсай қаласында 100 қазақстандық түлекке Халықаралық мұнай газ Академиясының куәлігін тапсыру салтанатын өткізді. Халықаралық мұнай газ Академиясын (ОРІТО) мұнайгаз саласының озық жұмыс берушілері кәсіби маманға деген ағымдағы және перспективадағы сұраныстарын қанағаттандыру үшін ашқан. Бағдарлама 1999 жылдан бастап жұмыс жасайды. Және мұнайгаз өндірісі саласында кең қолдау тауып отыр. Халықаралық мұнай газ Академиясының операторлар мен техниктерді кәсіби дайындау жөніндегі (ОРІТО) Ұлыбритания бағдарламасы өлем бойынша халықаралық мұнайгаз компаниялары арасында жоғары белдеге ие. Бұдан басқа ОРІТО мұнайгаз компанияларының қажеттіліктерімен тікелей жұмыс істей отырып, оларға жоғары кәсіби мамандардың жаңа толқынын қалыптастырып, жұмыс өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырады. КПО ТМД аумағындағы ОРІТО бағдарламасы бойынша мамандар дайындап жатқан алғашқы компания.

Сертификат тапсыру салтанатында түлектер мен «PSA» АҚ, БҚО және Бөрлі



аудандық әкімдіктерінен келген қонақтарға арнаған сөзінде КПО-ның бас директоры Джузеппе Паззи былай деп атап көрсетті: «Біз КПО-да озық тәжірибеміз бен технологиямызды қазақстандық өріптестеріміз бен мердігерлерімізге беруге тырысамыз. Қазақстандықтардың тұрақты даму принциптеріне негізделген кәсіби өлеуеттілігін

артуы, сондай-ақ озық технология мен тәжірибелерді енгізу біздің Қарашығанақтағы жұмысымыздың басты бағыттарының бірі болып табылады». «КПО-да ұлттық кадрлар санын көбейту жоспарын орындау, жергілікті қызметкерлердің жан-жақты дамуын арттыру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Өнімді бөлудің түпкілікті

келісімі (ӨБТК) қол қойылған уақыттан бергі уақыт ішінде КПО қазақстандық персоналды оқыту мен кәсіби деңгейін көтеру бағдарламасына 150 миллион АҚШ долларынан астам инвестиция жасады. Қазіргі уақытта әкімшілік-техникалық персоналдың барлық лауазымдары, бірінші звенодағы техникалық жағынан басқарушылардың

(супервайзерлер) 90% мен басшылардың (менеджерлер) 51% жергілікті персоналдан», – дегенді қосып айтты Джузеппе Паззи. Сондай-ақ, ОРІТО-ның 2009 жылғы 94 түлегінің барлығы да КПО-ға жұмысқа қабылданғанын айтты.

«Abiroy Technical Training» компаниясының бас директоры Дастан Көкеев былай деді: «Біздің Қазақстанда жүргізіп отырған бағдарламамыз ОРІТО Академиясының дайындау тәсілі мен құрылымын және мазмұн сұлбасын толықтай қайталайды. Студенттердің барлығы да бағдарламаға техникалық дисциплина бойынша оқуға қабілеттілерді психометриялық тестілеу арқылы таңдап алынады».

«Орта есеппен бағдарламаның студенттері теориялық бөлім бойынша оқу кезінде 80-ге жуық емтихан тапсырды. НІС (техникалық кәсібилігі туралы куәлік) және РРТС (мұнай өндіру мен оны бастапқы өңдеу жөніндегі сертификат) бағдарламалары аяқталғаннан кейін студенттер жұмыс орындау практикалық дағдылануға кен орнына жіберіледі. Бұл оқу озат оқыған түлектерге КПО компаниясына жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді», - дегенді қосып айтты Дастан Көкеев.

Тәуекелді басқара білу - еліміздің қауіпсіздік кепілі

2010 жылдың 10 тамызында Қарашығанақ кен орнында Батыс Қазақстан облысы бойынша Төтенше Жағдайлар Департаменті мен Батыс Қазақстан облыстық Ішкі Істер Басқармасы Басқару органдары және апаттан құтқару қызметінің күш-құралдары арасында ҚМЖККО-да ауқымды апатқа қарсы әрекет жасау тақырыбында кешенді жаттығуларды бірлесіп өткізді. Жаттығу жұмыстарына бақылаушылар ретінде тәжірибе алмасу үшін келген Ресей Федерациясының Төтенше жағдайлар бөлімшелерінің құтқару топтарының басшылары қатысып отырды.

Шараның мақсаты - апатқа қарсы әрекет етуге машықтандыру, КПО-ның апатты жою қызметінің апаттан құтқару топтары дайындығын және әрекет етуін, апат болу мезгілінде хабарлау мен ақпарат жүйесінің тиімділігін тексеру. Жаттығулардың барысында төмендегідей (шартты түрде) жағдайлар орын алды. Олар: Террорлық оқиғасы, Өрт сөндіру қызметінің күш құралдары байқауы, Өрт оқиғасы, газ және мұнайдың ашық фонтаны, өндіріс қондырғысы және көлік өртенуі, химиялық жұқтыру жағдайына түскен елді мекен тұрғындарын көшіру. Бұл шаралар күнделікті өндіріс процесіне кедергі тудырмайды, ал нақты апат жағдайы кезінде жаттығулар дереу тоқтатылады деп көзделген.

КПО компаниясы Қарашығанақ кен орнын игеру барысында экологиялық және өндірістік қауіпсіздікті бірінші кезекке қоятынын осы кешенді оқу-жаттығу көрсетіп берді. Қауіпсіздік сапасы бойынша, соның ішінде қоршаған ортаны қорғау жөнінен Қарашығанақ кінәратсыз ны-

сан болып саналатынына қарамастан, КПО табиғат қорғау құрылымын қамтамасыз етуге көп көңіл бөліп отыр. Сондықтан да мұнда компанияның тиісті бөлімшелерінің ТЖ жоюға дайындығының практикалық дағдыларына және мемлекеттік құрылымдармен бірлесу әрекет етуге дағдылануға кепілдік беретін оқу-жаттығу жұмыстары тұрақты өтіп тұрады.

Оқу-жаттығу жұмысы басталмас бұрын ұйымдастырушылар барлық қатысушылар мен бақылаушыларды, БАҚ өкілдерін шараның бағдарламасымен таныстырды, мақсаты мен міндеттерін толықтай түсіндіріп берді, сонымен бірге кен орны аумағында қауіпсіз жүру ережесі бойынша нұсқаулық жұмысын жүргізді. Оқу-жаттығу кешенінің осындай ірі көлемде өткізілуі алғаш рет екенін атап өткен жөн. Ұйымдастырушылар бақылаушыларға алты шартты түрдегі авариялық жағдайдағы жұмыстарын көрсетіп берді, онда құтқарушылардың, өрт сөндірушілердің, дәрігерлер мен байланысшылардың іс-әрекеттері орнықты, әрі шалшандығымен ерекшеленді.

Оқу-жаттығу кешеніне қатысушылар кен орнының әкімшілік ғимаратына жасалған террорлық әрекетті жоюда, ПЧ-31 КПК базасындағы және КПК химиялық лабораториясындағы өртті сөндіру, №9 ұңғымадағы ашық мұнайгаз фонтанын жою, өндірістік нысандарға өртті сөндіру мен ГП-3 полигонында жанған транспорт құралын сөндіру кезіндегі жұмыстар мен шартты түрде Жарсуат сөпосы болып белгіленген химиялық жұқтыру аймағына іліккендігі мүмкін елді мекеннің тұрғындарын көшірудің алдын ала дайындалған жобасы



бойынша эвакуациялық көшіру жағдайын бақылап, танысуға мүмкіндік алды. Ауыл адамдары оқу-жаттығу жұмыстары өтетінінен хабардар болатын және авариялық жағдайдағы әрекет ету жөнінде нұсқаулар алған болатын. Сонымен бірге авариялық құтқару техникалары да назарға ұсынылып, бағалау комиссиясын таңдай қақтырды.

Оқу-жаттығу жұмысына негізін бандитизммен, діни экстремизммен, терроризммен күрес жүзеге түткінге алынғандарды бостанумен айналысатын «Арпан» арнайы қазақстандық тобының қатысқаны да өте маңызды болды. Бұл қазақстандық арнаулы топта шабуылшылар мен мергендер, т.б. арнаулы әскерилер бар. Осы топтың баспасөз хатшысы бұл қызметтің негізгі аспектілері туралы әңгімелеп берді. Оның үміткерлері үшін қатаң талап қойылады екен. Яғни әскери борышын өтеген, бойы 180 сантиметрден кем емес, жоғары білімді, міндетті түрде спорт шебері не спорт шеберлігіне кандидат болулары керек. Демек, бұл жерде самбо, қолма қол,

шығыс күрес сияқты басқа да спорттың жекпе-жек түрлерімен айналысатын спортшылар үшін қолайлы екенін айтқан жөн.

Бірақ ең бастысы, моральдық-психологиялық мінездемелер, командада жұмыс жасай білу мен интеллектуалдық қабілеті. Кандидат пен оның айналасындағылар мұқият тексеріледі. Жаңа келген жауынгерді бінеше ай дайындайды. Әрбір жаңа тапсырманың алдында мұқият дайындық жұмысы жүргізіледі, бүге-шігесіне дейін талқыланады. Күтпеген жерден де көтеріу мүмкін. Ондай жағдайда үш минут ішінде арнаулы топ толықтай құрал-жабдықтарымен қызметтік көліктің ішінде отырулары тиіс.

Осылайша оқу-жаттығу барысында нысандардың, басқару орындары мен авариялық құтқару ұйымдары басшыларының іс-әрекет дағдылары мен ұйымда-са жұмыс істеу дағдылары қалыптастырылып, қойылған мақсат пен міндеттер бойынша басшылықтың іс-әрекеті бағаланды, авариялық жағдайда болдырмау мен жою, адамдарды құтқару мен қауіпті факторлар

әсерін азайту үшін қажетті күш-қуат анықталды. 2010 жылғы кешенді оқу-жаттығу жұмыстары КПО-ның Қарашығанақ кен орнын қауіпсіз игеру үшін қажетті тәжірибесі мен мүмкіндіктері жеткілікті екенін көрсетті. Оқу-жаттығу қорытындысы бойынша оған қатысушылар, оның ішінде Ресейдің төтенше жағдай қызметкерлері де компанияның және БҚО ІІД мен ТЖ бөлімдері мен басқа да мамандандырылған ұйым-дардың қызметкерлері мен техникалық құрал-жабдықтары табиғи ресурстар игеріліп жатқан ауданда қоршаған ортаны сенімді қорғаумен қамтамасыз ете алатынына көз жеткізді.

Орынбор облысының төтенше жағдай подполковнигі Максим Рдюков: «Бұндай оқулар төтенше жағдайдағы барлық бөлімшелердің іс-әрекеттерін бақылауға мүмкіндік береді, осылайша ғана біз қателіктерге ұрынбайтын боламыз», - деп атап көрсетті. Арнаулы техникалар байқауында ресейліктерге ресейлік «КамАЗ» негізіндегі италяндық өрт сөндіру машиналары қатты ұнады. КПО-ның өрт сөндіру құрал-жабдықтары өте сапалы, демек, қарапайым өрт сөндіру бөлімдерінің қолы жетпейтін өте қымбат.

«Сіздердің құтқарушы жігіттеріңіз үшін мен өте қуаныштымын. Осындай техникамен жұмыс істеу рахат қой», - деп шынын айтты Ресейдің Орынбор облысы Төтенше жағдай министрлігінің шұғыл көмекке келу басқармасының бастығы Максим Рдюков: «Заманауи техниканы көру қандай ғанибет. Сіздердің құтқарушыларыңыз нағыз кәсіби мамандар: алдарына қойылған міндеттерде де нақты орындай біледі. Қажетті техника жөнінде кеңес те бере алады».